

**"Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің мәселелері" туралы  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 сәуірдегі № 329 қаулысына  
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 23 желтоқсандағы № 1586 Қаулысы  
БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің мәселелері» туралы  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 сәуірдегі № 329 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 15, 145-құжат) мынадай өзгерістер  
е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Туризм және спорт  
м и н и с т р л і г і туралы ережеде:

1 4 - т а р м а қ т а :

«туристік ұйымдардың қызметкерлерін аттестаттаудың тәртібін белгілейді;» деген  
жиырма бірінші абзац алып тасталсын;  
отызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«ойын бизнесін ұйымдастырушының «Ойын бизнесі туралы» Қазақстан  
Республикасының Заңында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын  
құжаттардың тізбесі мен нысандарын әзірлейді;»;

15-тармақтың «туризм нұсқаушысы көрсететін қызметтерді лицензиялау бөлігінде  
туристік қызметті лицензиялау ережелерін облыс (республикалық маңызы бар қала,  
астана) әкімдіктерінің орындауын бақылауды жүзеге асыру;» деген он үшінші абзацы  
а л ы п т а с т а л с ы н .

2. Осы қаулының 1-тармағының 2012 жылғы 30 қаңтардан бастап қолданысқа  
енгізілетін жетінші абзацын қоспағанда, осы қаулы қол қойылған күнінен бастап  
қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
К. Мәсімов*